Ғылыми кеңесші, Алматы Менеджмент Университетінің қауымдастырылған профессоры, экономика ғылымдарының докторы Исахова Парида Бакировнаның 6D050900 «Қаржы» мамандығы бойынша PhD дәрежесін алу үшін ұсынылған Ауезханұлы Азаматтың «Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаларды банктік ипотекалық несиелеу: теориясы мен тәжірибесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Қазақстанда тұрғын үй нарығы мен ипотекалық несиелеу секторы экономикалық дамудың маңызды драйверлерінің бірі болып табылады.

Тұрғын үй қолжетімділігін арттыру, ипотекалық нарықтың тұрақтылығын қамтамасыз ету және банктік сектордың тиімділігін күшейту өзекті мәселелерге жатады.

Қазақстан Республикасында халықтың қолжетімді тұрғын үйге деген сұранысы жыл сайын артып келеді. Елдегі тұрғын үй қорының тозуы (кейбір өңірлерде 50%-дан асады), жас отбасылардың өз баспанасын алуға деген ұмтылысы, ішкі көші-қон үрдістері – осының бәрі ипотекалық несиелеуді әлеуметтік маңызы зор қаржы құралына айналдырды. Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін, әлсіз тұстарын және одан әрі даму жолдарын ғылыми тұрғыдан бағалау – бүгінгі күннің өзекті міндеті.

Халықаралық тәжірибеде (АҚШ, Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде) ипотекалық несиелеудің сандық трансформациясы қарқынды дамып, блокчейн негізіндегі секьюритизация, smart-келісімшарттар, скорингтік AI-модельдер ипотекалық жүйеге енгізіліп жатыр. Отандық ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан бұл үдерістерден артта қалмауы керек. Диссертацияда осы заманауи құралдарды бейімдеу мүмкіндіктері зерттелген.

Зерттеу жұмысының тақырыбы макроэкономикалық, әлеуметтік, институционалдық, технологиялық тұрғыдан жоғары өзектілікке ие. Ол Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің бір бөлігі – халықтың қолжетімді баспанамен қамтамасыз етілуі мәселесімен тікелей байланысты. Диссертациялық зерттеу ипотекалық нарықты реттеудегі теориялық олқылықтарды толтырып, практикалық шешімдерді ұсынады.

Диссертациялық жұмыс дербес орындалған ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Бірінші тарауда жеке тұлғаларды банктік ипотекалық несиелеудің теориялық негіздері мен шет ел тәжірибесі қарастырылған.

Екінші тарауда Қазақстандағы жеке тұлғалар ипотекасының макроэкономикалық детерминанттары мен тұрғын үй қолжетімділігінің индикаторлары пайдаланылып, екі сатылы DEA әдісі - Malmquist индексі негізінде жеке тұлғаларды банктік ипотекалық несиелеу жүйесі бағаланды.

Үшінші тарауда жеке тұлғаларды банктік ипотекалық несиелеуді жетілдірудің әдіснамалық және қаржылық негіздері қарастырылып, зейнеткерлерді кері ипотекалық несиелеудің қаржылық моделі ұсынылған.

Қорытындыда ипотекалық жүйені дамыту бойынша ұсыныстар қарастырылған. Алынған нәтижелер зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Докторант ғылыми ізденіс барысында өзін жауапты зерттеуші ретінде көрсете білді. Этикалық нормаларды, тиісті зерттеу қағидаттарын сақтай отырып, ғылыми ізденісті сапалы жүргізді. Scopus базасына енетін журналдарда 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 8 мақала жариялаған.

Азамат Ауезханұлының «Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаларды банктік ипотекалық несиелеу: теориясы мен тәжірибесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған дербес ғылыми зерттеу болып табылады және көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

Отандық ғылыми кеңесші,
Алматы Менеджмент Университеті
э.ғ.д., қауымдастырылған профессор
(экономика доценті) П. Исахова

Қазақстан Республикасы Алматы қаласы Білім беру мекемесі «Алматы Менеджмент Университеті» / Республика Казахстан г. Алматы Учреждение образования «Алматы Менеджмент Университет»
УПРАВЛЕНИЕ ЧЕЛОВЕЧЕСКИМИ РЕСУРСАМИ

Подпись заверяю
Қол қойғанын растаймын
«30» апреля 2026 г.
Главный менеджер ОК
Рузиева Р